ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 20 қараша №2301-25-00-2/2933 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Silk roads» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Жұмылдыру даярлығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғауды және аумақтық қорғанысты материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Silk roads» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Silk roads» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Silk roads» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2025 жылғы 20 қарашада шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2025 жылғы « » енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 20.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2025, судья Саудабаев А. Б., 05.01.2026
2301-25-3-1/3629